

Темір ауданының елді-мекендерінде иттерді ұстаудың қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 112 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 28 мамырда № 3-10-108 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 маусымдағы № 43 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2012.06.11 № 43 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және 311 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Темір аудандық елді-мекендерінде иттерді ұстаудың қағидасы бекітілсін. (№ 1 қ о с ы м ш а)

2. Ауыл шаруашылығының аудандық аумақтық инспекциясы және кенттік, қалалық, селолық округ әкімдері аудандық елді-мекендерінде иттерді ұстаудың қағидасының орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Темір аудандық мәслихатының 2006 жылғы 20 желтоқсандағы № 152 «Темір аудандық елді-мекендерінде иттерді ұстаудың қағидасын бекіту туралы» /тіркеу № 3-10-39/ шешімінің күші жойылсын

4. Осы шешім аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өтіп, бұқаралық ақпарат құралдарына алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:*

Б. ҚУАНДЫҚОВ

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы:*

С. ЖАНАБЕРГЕНОВА

А у д а н д ы қ

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 3

м ә с л и х а т т ы ң

с ә у і р д е г і

№ 112 шешіміне № 1 қосымша

Темір ауданының елді-мекендерінде иттерді ұстаудың ҚАҒИДАСЫ

1. Осы қағида иттері бар барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.
2. Иттерді жекелеген үйде, пәтерде санитарлық гигиеналық тәртіпті,

ветеринарлық санитарлық ережені және осы қағиданы сақтаған жағдайда, ұстауға ұлықсат беріледі және де пәтерде бірнеше жанұя тұрған жағдайда, итті айналасындағы көршілерінің келісімі бойынша ғана ұстай алады.

3. Жеке меншік үйі, пәтері бар ит иелері иттерін тек байлап ұстау керек. Егер итін бос жіберетін болса, ауласы жақсы қоршаған болуы керек және адаммен кездейсоқ байланыс болмауы керек.

4. Иттерді тұрғын үйлердің жалпылама пайдаланатын жерлерінде (баспалдақта, төбеде, жертөледе т.б.) ұстауға болмайды.

5. Жеке және заңды тұлғалардың иттері міндетті түрде тіркеуден өтуі керек. Әр иттің, оның қай тұқымнан екеніне қарамастан, оған белгіленген заңды түрде ветеринарлық паспорты болуға тиісті. Онда иттің иесі, мекен жайы, иттің мінез құлқы және ветеринарлық профилактикадан өткендігі көрсетілуі керек. Итке ветеринарлық паспортты мемлекеттік ветеринарлық инспектор бере алады.

6. Иттер ветеринарлық тексеруден және емделуден жыл сайын өтіп тұруға тиісті. Мемлекеттік ветеринарлық инспектор иттің тексеруден өткендігін тіркеп о т ы р у к е р е к .

7. Көп пәтерлі үйдің пәтерінде тұратын азаматтар 2 иттен артық ит ұстай алмайды (3 айға дейінгі күшіктерді есептемегенде), осы берілген қағиданы сақтаған жағдайда ғана .

8. Көшеде, қоғамдық орындарда иесіз бос жүрген иттер ұсталынады.

9. Ит иелері итті ұстауды осы қағидада, көрсетілген мен шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге тиісті және өзін қоршаған айналасының, көршілерінің мазасын алмауы керек.

10. Егер ит адамды қауып алған болса, ит иесі міндетті түрде итін 10 күн байлауда ұстап, мемлекеттік ветеринарлық инспекторға алып келіп тексеруінен өткізіп алуы керек .

11. Осы қағиданы бұзған үшін ит иелері «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде қарастырылған жауапкершілікке тартылады.